

**Валюта операцияларынан алынатын жергілікті алымдардың күшін жою туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1994 жылғы 27 қаңтар N 1527.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.07.18. N 2367 жарлығымен. ~U952367

"Қазақстан Республикасы Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес республикада валюталық нарықты қалыптастыру жөніндегі қосымша шараларды жүзеге асыру мақсатында қаулы етемін:

1. Шетел валюталарын сатып алу-сату кезіндегі мәмілелерден алынатын жергілікті алымдардың күші жойылсын.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті "Қазақстан

Республикасындағы салық жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу туралы" Заң жобасын жаңадан сайланған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қарауына енгізетін болсын.

3. Бұл Жарлықтың Заңмен бірдей күші бар және ол "Қазақстан Республикасындағы салық жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 24 желтоқсандағы Заңына тиісті өзгертулер енгізілгенге дейін қолданылады.

4. Жарлық жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Алматы. 1994 жылғы 27 қаңтар  
N 1527

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК